



### №1. Қар үстіндегі іздерді бақылау.

**Мақсаты:** балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқазып, ойлау қасиеттерін қалыптастырып, толықтыра түсу. Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтап білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді?



#### Көркем сөз:

Ақ киімді денелі, ақ сақалды,  
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,  
Үсті – басы ақ қырау түсі суық,  
Басқан жері сықырлап келіп қалды.  
(Абай)

**Еңбек іс-әрекеті:** құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қюу, жем салу.

**Мақсаты:** құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.

**Қимылды ойын:** «Аңшы мен қояндар»

**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа, ептілікке үйреніп, ойынға деген қызығушылығын арттыру.

**Ойын шарты:** Алаңның бір жағында аңшының орны қоршалған. Екінші жағында кішкентай дөңгелектермен қояндардың орындары белгіленеді. Әр қоршауда 2-3-тен қоян бар. Аңшы қояндардың ізін іздеп жүрген адам сияқтанып, алаңды бір айналып өтеді де қайтып орнына келеді. Жетекші: «Қояндар жазық алаңға шықты», - дейді. Қояндар өздерін қоршаған дөңгелектерден жүзгіріп шығып, қос аяқтап секіреді, алға қарай жылжиды. Жетекші: «Аңшы» деп дауыстаған кезде, қояндар тоқтайды, аңшыға арқасымен бұрылады, ал аңшы орнынан қозғалмастан, оларға доп лақтырады. Доп тиген қоян атып өлтірген болып саналады да аңшы оны алып кетеді.

#### Өзіндік іс-әрекет

Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау, олардың іс-әрекеті мен қылықтарын білдіру, өз ойын іске асыру.

## № 2 Қар (ұлталарының) ұшқындарына бақылау жүргізу.

**Мақсаты:** балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір-біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су бұларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі.

### Көркем сөз:

Жазда көлге мұз қатты,  
Табанымды мұздапты.  
Мұз ойылып кетті тез,  
Күліп едік, біз қатты.

**Еңбек:** қардан құрлыс тұрғызу.

**Мақсаты:** қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;  
Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

**Қимылды ойын:** «Мысық пен қаздар»

**Мақсаты:** Балаларды ұқыптылыққа, шапшаңдылыққа, ептілікке үйретіп, ойын шартын самдай орындауға баулу.

**Ойынның барысы:** Жетекші алаңда үлкен дөңгелек сызады. Балалар дөңгелектің сыртында тұрады. Бір баланы мысық етіп тағайындайды, ал ортада тұрады, қалған балалар – қаздар балады. Мысық ұйықтайды, ал қаздар дөңгелектің ішіне келіп, сонда ұшып жүреді, отырады, дән шоқиды. Мысық оянады да кішкене қаздарды ұстай бастайды, ал олар шеңбердің сыртына қашады. Ұстаған қаздарды мысық шеңбердің ортасына апарады. Жетекші олардың қанша екенін санайды. Ойын басқа мысықпен қайталанады.

**Өзіндік іс-әрекет:** Ойын барысында бір-бірімен қарым қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне келіспеушілік бидіре білү бәлісе-білге дағдыландыту.



## № 3 Қар жауып тұрған құбылысты бақылау.

**Мақсаты:** қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады, - қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады.

### Көркем сөз:

Тазалашы мұз болған,  
Есік алды тайғанақ жата берсін.  
Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ,  
Шыға беріп жалтақтай,  
Ұшып түсті қалпақтай.

**Еңбек:** Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.

**Мақсаты:** жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру.

**Қимылды ойын:** Қар лақтырып ойнау

**Мақсаты:** затты лақтыру дағдыларын бекіту.

**Ойын шарты:** балалар екі топқа бөлініп, алақандарына қарды салып домалақтау әдісін пайдалана отырып бір-бірлеріне қарды лақтырады.

**Өзіндік іс-әрекет:** тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.



#### № 4. Қырауды бақылау.

**Мақсаты:** балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады.

**Көркем сөз.**

Тазартып бар кір шаңнан,  
Қыс өнерін бастады.  
Терезеге қыраудан,  
Сурет салып тастады.



**Еңбек іс-әрекеті:** Алаңды қардан тазалау, қардан көше қиылысын құрастыру

**Мақсаты:** Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға үйрету. Еңбек дағдыларына тәрбиелеу.

**Қимылды ойын:** Поезд

**Мақсаты:** балаларды шыдамдылыққа, саптан шықпай бір сызық бойымен жүруге үйрету.

**Ойын барысы:** Тәрбиеші «Поезд» ойынын ойнауды ұсынады: «Мен паровоз баламын, ал сендер кішкентай вагонсындар. Балалар бірінің соңынан бірі алдында тұрған киімін ұстап колоннаға тұрады. «Кеттік», - дейді тәрбиеші, балалардың бәрі «шу-шу» деп, дабырлап, оның а артынан жүре бастайды. Тәрбиеші поезды бір бағытта, одан кейін екінші бағытта жүргізеді, одан кейін жүруді баяулатады, ақырында тоқтайды да: «Кідіріс» («Аялдама»), деп хабарлайды. Біраз уақыттан кейін тағы да гудок беріледі де поезд қайтадан жолға аттанады.

**Өзіндік іс-әрекет:** Әр бала өз қалауы бойынша қар бетіндегі қоқысты тазартады.

#### № 5. Ағаштарды бақылау

**Мақсаты:** ағаштар туралы білімдері кеңейту, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

**Бақылау барысы:** Аулаға шығып, жауған қардан майысып тұрған ағаштарды сілкіп, қарын түсіру. Ағаштарға қамқорлықпен қарауға көңіл бөлу.

**Әңгімелесу:**

-Ағаш түбінде неге ойнауға болмайды? (ағаш бұтағы сынуы немесе төбеңе қар құлауы мүмкін)

-Ағаштар неге қыста өспейді?

-Ағаш тамырлары қалай қыстайды?

-Ағаштарға қыс мезгілі керек пе?

-Ағаштар қыста неге тоңбайды? (қабығы қалың, шырын алмасуы болмайды, тыныш, қар жамылады)

**Көркем сөз**

«Аядым» М. Әлімбаев

Жауған күні қар алғаш,  
Ағаштарды аядым.

«Тоңбасын»- деп бұл ағаш,  
Орап қойдым аяғын.



**Еңбек іс-әрекеті:** Жауған қарды ағаш түбіне үю.

**Мақсаты:** ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.

**Қимылды ойын:** «Кім ағашқа бұрын жетеді?».

**Мақсаты:** ағаш аттарын есте сақтауларын бекіту.

**Ойын барысы:** Балалар тәрбиешінің ысқырық белгісі арқылы ағашқа дейін жылдам жүгіріп жарысып келіп келесі балаға қолын созады. Ойын 3-4 рет қайталанатын.

**Өзіндік іс-әрекет:** Өзге балалардың жасаған қылықтарына баға бере білу.

**№ 6. Терезедегі өрнектерді бақылау.**

**Мақсаты:** балаларға құбылысты түсіндіру.  
Олардың ойын толықтыру. Терезедегі  
өрнектерді бақылау.

**Көркем сөз:**

Бір топ бала сырғанап,  
Барады әне жарысып.  
Қалды артта қыр қалып.



**Еңбек іс-әрекеті:** қардан бекініс жасауды  
үйрету.

**Мақсаты:** күрекпен қарды ойып, үй салуды,  
бекет тұрғызуды үйрету.

**Қимылды ойын:** «Ізбе із».

**Мақсаты:** Тепе-теңдікті сақтау. Ептілікке  
баулу.

**Ойын барысы:** Тәрбиешінің белгісі бойынша алға  
жылжи отырып екі аяқпен секіру. Алдыңғы  
түскен іздің үстіне дәл түсуге тырысу.

**Өзіндік іс-әрекет:** қар атжалына секіріп шығу  
және одан жерге түсуге үйрету.

**№ 6. Терезедегі өрнектерді бақылау.**

**Мақсаты:** балаларға құбылысты түсіндіру.  
Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді  
бақылау.

**Көркем сөз:**

Бір топ бала сырғанап,  
Барады әне жарысып.  
Қалды артта қыр қалып.



**Еңбек іс-әрекеті:** қардан бекініс жасауды  
үйрету.

**Мақсаты:** күрекпен қарды ойып, үй салуды,  
бекет тұрғызуды үйрету.

**Қимылды ойын:** «Ізбе із».

**Мақсаты:** Тепе-теңдікті сақтау. Ептілікке  
баулу.

**Ойын барысы:** Тәрбиешінің белгісі бойынша алға  
жылжи отырып екі аяқпен секіру. Алдыңғы  
түскен іздің үстіне дәл түсуге тырысу.

**Өзіндік іс-әрекет:** қар атжалына секіріп шығу  
және одан жерге түсуге үйрету.

## № 7. Желді бақылау.

**Мақсаты:** желдің бағытын қапалық арқылы анықтау.

**Сұрақтар:**

1. Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады?

- үй мұржаларынан шыққан түтіннен
- қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен т.б. жорамалдарынан анықтап білуге болады.

2. Қыста жел қандай болады?

**Көркем сөз**

Қыстағы қар,  
жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр.

**Еңбек:** алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою.

**Мақсаты:** суды қатырып, мұз қалпына келтіру, заттың алғашқы күйінен екінші күйге көшіру.

**Қимылды ойын:** «Әткеншек»

**Мақсаты:** алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру.

**Ойын барысы:** Тәрбиешінің ысқырығының белгісі бойынша бір, екі, үш дегенде асықпай, сонан соң тездеріп айналып жүгіріп келіп бастапқы орына тұру.

**Өзіндік іс-әрекет:** Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау, олардың іс-әрекеті мен қылықтарын білдіру, өз ойын іске асыру.



## № 8. Аула сытырушы еңбегімен танысу.

**Мақсаты:** аула сытырушының қыс кезіндегі еңбегі, оның жұмысы туралы балалардың түсінігін толықтыру. Балғындардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу, құрастыру.

**Бақылау барысы:**

- Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.
- Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді?
- Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады?
- Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді?
- Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе?

**Көркем сөз**

Қолына киіп қолғабын  
Ауланы азай сытырды.  
Тазалап қарды мұздарды,  
Бәрімізге ол жол ашты.



**Еңбек:** аула сытырушыға балабақшаның ауласын сытыруға көмектесу.

**Мақсаты:** ересек адамдарға қолдан келгенше көмек беруге деген балалардың ынтасын қолдап, еңбекке баулу.

**Қимылды ойын:** : «Кім аққалаға бұрын жетеді?»

**Мақсаты:** доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.

**Ойын барысы:** Балалар екі қатарға бөлініп, бір-бірлеп тәрбиешінің нұсқауы бойынша аққалаға дейін жүгіріп барып, қайтадан бастапқы орынға жүгіріп келеді.

**Өзіндік іс-әрекет:** «Кім алысқа секіреді?» Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру.

## № 9 Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау.

**Мақсаты:** адам еңбегін жеңілдететін машинамен таныстыруды жалғастырып, қоршаған орта білімдерін толықтыру.

### Сұрақтар:

1. Бұл машинаның аты қалай?
2. Ол не істейді?
3. Ол қарды қалай жинайды?
4. Балалар сендер адам еңбегін жеңілдететін тағы қандай машиналарды білесіңдер?

### Көркем сөз:

Көне, кілттің бойы ұзын,  
Паровозы ол поездың,  
Қатар-қатар тұратың  
Поезды біз құрайық.

**Еңбек:** гүлзарға, ыдысқа түрлі-түсті мұзды қатырып қою.

**Мақсаты:** балалардың эстетикалық танымдарын арттыру.  
Айналың әсем етіп көріктендіру

**Қимылды ойын:** Көжсектер мен түлкілер

**Мақсаты:** Балаларды аңғарымпаздыққа баулу.

**Ойын барысы:** Бір бала түлкі болып сайланады. Қалған балалар көжсек беттердесін киіп, дөңгеленіп отырады.

**Тәрбиені:** көжсектерім тұршы

Беттеріңді жушы  
Нү орманға барайық  
Тамақтанып алайық  
Қаши: Жаңадаған қу түлкі  
Келіп қапты орманға  
Көжсектерің қайда деп  
Қуып келді соңынан  
Көжсектер аң ырағымен секіріп, қаши жөнеледі, түлкі қуады.

**Өзіндік іс-әрекет:** ойынан алған әсерлерімен бөлісу.



## № 10. Күн көзін бақылау.

**Мақсаты:** күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы, аяғымен) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру. Күн қысқарады-желтоқсанның 22-сі ең қысқа күн болып есептеледі. Күннің көзі «ұясынан» сәл ғана көтеріліп, біраздан соң кешкі ұясына барып қонды. Күн қысқа әрі суық. Көлеңке ұзарды.



### Көркем сөз:

Күн ұйықтайды,  
Күн оянады.  
Жел соғады,  
Жаңбыр жауады.  
Күн ашылады.

**Еңбек:** Аққала жасау.

**Мақсаты:** қармен жұмыс істеуге үйрету.

**Қимылды ойын:** «Жұп болып эстафета ойының жүргізу»

**Мақсаты:** шанамен сырғанақ тебу. Балаларды эстафета бір-біріне беруге үйрету. Жолдасы үшін жанашыр, жақсы жолдас болуға тәрбиелеу.

**Өзіндік іс-әрекет:** бір-бірінің іс-әрекетін бақылау.

## № 11. Ауа райының жайсыз жаздайын бақылау.

**Мақсаты:** Балаларға ауа райының жағдайын байқап, белгілеуді ұсыну. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады, ұйтқыған боран мен бұрқасын борандарда қар бір жердең бір жерге жөңкіліп жүреді.

### Көркем сөз:

Қыстсың кенже баласы ақпанбысың,  
Аспан астың ораған ақ ықармысың.  
Алай-түлей бораның, язында,  
Әппағым-ау аз –аздан шақтармысың?!



**Еңбек:** Ауланы қардан тазалау.

**Мақсаты:** күректі пайдалана білуге үйрету.

**Қимылды ойын:** «Ыстық-суық».

**Мақсаты:** тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету.

**Ойын барысы:** ыстық деген сөзді естегенде қолдарын алдарына созып ауаны желпиді, суық деген кезде алақандарын ауыздары мен үрлейді.

**Өзіндік іс-әрекет:** Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға жағдай тудызу.

## № 12. Қала көшелерін бақылау

**Мақсаты:** тәрбиеші көшеде тәртіп сақтау туралы, жол жүру ережесі туралы, көліктердің көптеген түрі туралы білімдерін анықтап, толықтыру.

### Жұмбақ:

Менің үш көзім бар,  
Бір көзім «кідір» дейді,  
Бір көзім «жүгір» дейді,  
Бір көзім «абайла» дейді,  
«Қарап ал маңдайға!» - дейді



(Бағдаршам)

### Сұрақтар:

Көшедегі үйлер қандай?

Көшедегі көліктер бір бағытта жүре ме, әлде екі бағытта жүре ме?

Жүргінішілер қайда, қандай жолмен жүрулері керек?

### Көркем сөз:

Менің атым «бағдаршам» мекен жайым тұрақты,  
Жақсы білем міндетімді, мүдірмеймін ешқашан.  
Жол сілтейтін белгілер бөлінеді төрт топқа.

**Еңбек:** балабақшаның маңын қардан тазарту.

**Мақсаты:** күрекпен жұмыс істеуге, бірлесіп еңбек атқаруға, істі аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.

**Қимылды ойын:** «Жанады жанбайды» ойыны.

**Мақсаты:** тез жүгіруге, шыдамдылыққа жеттіктіру.

**Ойын барысы:** балалар қызыл, жасыл, сары сөздерін естігенде бағдаршам балып іс-қимылмен көрсетеді.

**Өзіндік іс-әрекет:** мұздың үстімен сырғанап білу.

### № 13. Қардың қасиетін бақылау

**Мақсаты:** қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ ұлапа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды.

**Жұмбақ:**

Мамықтай ұлапа,  
Қаптай ақ,  
Қыста жер бетін басады,  
Жазда сайға қашады.



**Көркем сөз:**

Аққала  
Аула сырты баққа да,  
Тұрғызамыз аққала  
Аққаланы айналып,  
Ойлаймыз біз шаттана.

**Еңбек:** Ағаш түптеріне қар ую.

**Мақсаты:** ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.

**Қимылды ойын:** « Кім баяу »

**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.

**Ойын барысы:** Балалар тәрбиешімен бірге жүгіріп келе жатыр. Күтілген жерден тәрбиеші: « Ал қане көрелік ». Сендердің итеріңнен кім өте баяу, аяқтың ұшымен жүре алады. Міне былай-дейді. Балалар аяқтарының ұшын көтеріп, мүмкіндігінше жай жүруге тырысады. Олар сол жүріп келе жатқан бағытта жүруді жалғастыра береді. Содан кейін тәрбиеші білдірмей бір жаққа қарай шегініп: « Ал енді бәрің де маған қарай жүгіріңдер », - дейді. Балалар тәрбиеші апайға жүгіреді. Тәрбиеші кімнің жақсы орындағанын айтып мадақтайды.

**Өзіндік іс-әрекет:** қарды жұмырлап, қатты қысу.

### № 14. Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау.

**Мақсаты:** ауа райын бақылау. Ауа райына қоңіл бөліп, байқау өткізулерін ұсыну.

1. Сық па, жылы ма?
2. Күн желді ме, жоқ па?
3. Балалар қалай киінген?
4. Ауа райының жайы қалай анықталады?
5. Күн шуақты ма, әлде бұлыңғыр ма?
6. Қар жауып тұр ма?

Серуендеп келген балаларға бүгін өздері көріп, бақылаған ауа райының жайын күнтізбеге белгілеулері керектігін естеріне салу.

**Көркем сөз**

Далада қандай тамаша,  
Ақ мамыққа оранған.  
Ақ дастархан жатқандай,  
Көз тоймайды қарасаң.

**Еңбек:** Алаңды қоқыстан тазартуға көмектесу.

**Мақсаты:** Үлкендер еңбегін базалау.

Балалардың еңбекке деген құлшынысын ояту.

**Қимылды ойын:** Күн мен түн

**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.

**Ойын барысы:** Балалар бірі «Күн», екіншісі «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір - бірінен бөлек, өз үйлері балады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қалға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма - кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.

**Өзіндік іс-әрекет:** алдағы тосқауылдан өтерде: жүгіру, еңбектен жүгіруге, секіруге жаттықтыру.





### № 15. Торғайларды бақылау.

**Мақсаты:** Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. ——— Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз? (қыстап қалатын құстар)  
-Қыстап қалатын құстар мен ұшып кететін құстардың қандай айырмашылығы бар? (қыстап қалатын құстардың мамықтары қалың және тұмсықтары мықты борлады.)  
-Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер? (торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан, кептер)  
-Торғайлар қыста немен қоректенеді? (дәндермен, қалдықтармен.)  
-Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (қыста құстарға азық жетіспейді, ал, егер олар тоқ болса аязға тоңбайды.)

#### Көркем сөз

Шыр-шыр еткен торғайды  
Қорғамасаң болмайды.  
Кіп-кішкене торғайлар  
Ағаштарды қорғайды.



**Еңбек іс-әрекеті:** Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау.

**Мақсаты:** еңбекке деген ықыластарын арттыру.

**Қиынды ойын:** «Ұшты-ұшты».

**Мақсаты:** Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.

**Ойын барысы:** Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлағай түседі.

**Өзіндік іс-әрекет:** қарды жұмырлап, қатты қысу.

### № 16. Қардағы құс іздерін бақылау.

**Мақсаты:** қардағы құс іздерін тани білуге үйрету  
Балаларға сұрақтар

- Из дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)  
Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну.
- Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?
- Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшықтары сынады)

Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі..

-Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? (құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)

#### Зерттеу жұмысы

Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.

**Еңбек іс-әрекеті:** Қардан қала тұрғызуға қар жинау.

**Мақсаты:** Ұжыммен жұмыс істей білудің қабілетін арттыру. Жұмысты жоспарлау.



**Қиынды ойын:** «Ізбе із».

**Мақсаты:** тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу.

**Ойын барысы:** Тәрбиешінің белгісі бойынша алға жылжи отырып екі аяқпен секіру. Алдыңғы түскен іздің үстіне дәл түсуге тырысу.

**Өзіндік іс-әрекет:** қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету.

### № 17. Жеңіл көліктерді бақылау

**Мақсаты:** автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.

#### Көркем сөз.

Көркем сөз «Тәртіп керек баршаға» Е.Елубаев

Бұзба қоше тәртібін,  
Ұрынасың апатқа.  
Қызықты өтсін әр күнің,  
Жақын болма шатаққа.  
Қошеден өтер кезіңде,  
Абайлап қара жан-жаққа,  
Келе жатқан көлікке,  
Жол бер, өтсін, асықпа!



Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:

- Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер?
- Барлық көліктерді қандай топтарға бөлуге болады? (жеңіл, жүк, қозғалдық, арнайы көліктер)
- Көліктер қоршаған ортаға қандай әсер етеді? (ауаны түтіндерімен, асфальт бетін бензин тамшыларымен ластайды)
- Көліктердің қандай пайдасы бар? (адамдарды, жүктерді қажет жеріне тез апарды)
- Көліктердің адамға қандай кедергісі бар? (таңертең дыбыстап, ұйықтауға кедергі болады, ауаға ащы түтін шығарады)
- Қандай машиналар көп шулайды, ауаны көп ластайды? (Жүк машиналары)

♦ Жолдан өтерде не істеу керек, қандай ережелерді сақтау керек?

#### Еңбек іс-әрекеті:

Ауаны бірлесе отырып тазалау.

#### Мақсаты:

бірлесіп еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу;  
жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету.

#### Қимылды ойын: «Бағдаршам».

**Мақсаты:** белгі бойынша әрекет етуге, қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету.

**Ойын барысы: балалар:** қызыл, жасыл, сары сөздерін естігенде бағдаршам болып іс-қимылмен көрсетеді.

**Өзіндік іс-әрекеті:** Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау.

### № 18. Күн мен түн неге ауысады?

**Мақсаты:** Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру.

Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде күн болады.

#### Балаларға сұрақтар.

- Жұлдыздар түнде қайда кетеді? (жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)
- Күн неге батады? (жер күнді айналады, сонықтан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)

**Еңбек іс-әрекеті:** Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару.

**Мақсаты:** еңбексүйгіштікке, бірлесіп еңбек етуге тәрбиелеу.



**Қимылды ойын:** Күн мен Түн.

**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.

**Ойын барысы:** Балалар бірі «Күн», екіншісі «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.

**Өзіндік іс-әрекеті:** Қоңылді тыныш сәтті қолдауды қарастырып, өзіндік жұмысты мадақтау.